

Нарметова Дильбар Анаркуловна

Silkway Халықаралық университеті Педагогикалық факультетінің 2 курс

магистранты, п.ғ.к., профессор Кенжебекова Р.И.

Шымкент, Қазақстан

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Білім беру мазмұны аясында студенттерді өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруға үйрету студенттердің ғылыми-біліми дүниетанымын арттыру инновациялық технологиямен олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, өзіндік жұмыстарын толыққанды орындай алуына қатысты. Өзіндік жұмыс ғылыми зерттеулерде өзекті болып сипат берген: а) белсенділік, дербестік, танымдық қызығушылықты ынталандыратын оқу іс-әрекетінің түрі; б) студенттердің оқу қызметін басқару мен өзін-өзі басқару функциялары жүзеге асырылатын оқу іс-әрекетінің циклі; в) өзігінен білім алудың негізі, одан әрі біліктілігін арттыру шарты; г) студенттердің өзіндік қызметіне басшылық беретін психологиялық-педагогикалық шарттардың жүйесі; д) болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру құралы; е) оқу құралы; ж) оқыту әдісі; з) білім беру қызметінің нысаны.

Өздік жұмыстың мәнін түсіндірудегі әртүрлі тәсілдер осы тұжырымдаманың анықтамасы динамикалық және көп қырлы болып табылатындығымен түсіндіреміз. Оның мәні білім беруді модернизациялауға және оның мазмұнын жаңарту шарттарына сәйкес өзгертіледі. Кейбір түсініктемелерде өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруда жетекші рөл оқытушыға, басқаларда студентке тиесілі.

Қазақстандық ғалымдардың авторлық ұжымы өздік жұмыстың мотивациялық сипатын атап көрсетеді: «дидактикалық тапсырманы өзіндік орындауға, танымдық қызметке деген қызығушылықты қалыптастыруға және белгілі бір салада білімді толықтыруға бағытталған студенттердің оқыту іс-әрекетінің ерекше түрі» .

И.А. Зимняя өзіндік жұмыстың субъективтік мәніне «мақсатты, ішкі негізделген құрылымдалған жұмыс объектінің өзі жүзеге асырған және түзететін әрекеттердің жиынтығында нәтижелер мен үдерісі бойынша» ретінде өзекті сипат береді.

А.Е. Әбілқасимова өзіндік жұмыстың интегративті мәнін анықтайды: «Бұл жоғары білімнің негізі, ал біртұтас педагогикалық үдерістің құрылымында ол бір жағынан студенттердің аудиториядан тыс жұмысы, ал екінші жағынан – міндетті сабақ кестесі бойынша аудитория барысында жүзеге асыратын студенттің жүйелі, жоспарлы, мақсатты жұмысы ретінде әрекет етеді».

Студенттердің даму үдерісі білімалушыларды ғылыми-зерттеу әрекетіне тартудың ықтимал жолдарының бірі ретінде қарастырылуы мүмкін, бұл олардың кәсіби және жеке қалыптасуының ажырамас бөлігі болып табылады. Заманауи тез дамып келе жатқан қоғамның жағдайында жоғары білім беру жүйесі студенттерді жан-жақты дамытуға бағытталуы керек.

Іс-әрекет құрылымының маңызды элементі нәтижеге қол жеткізу. Өзіндік білім алу бойынша іс-әрекеттің мұндай нәтижесі заманауи экономикаға қажетті, заманауи білім беру іс-әрекетінің өнімінен айтарлықтай ерекшеленетін мобильді маман болуы тиіс. Қазіргі адамның әлеуетін арттыру күрделі құрылымы, бірқатар ерекшеліктері мен қалыптасу жолдарының алуан түрлілігі бар. Білім беру әлеуметтік кіші жүйе ретінде заманауи ғылымды қажетсінетін өндірістің талаптарына сәйкес реформалауды бастан өткеріп қана қоймай, өндірістің адами факторына, оның ұтқырлығына, креативтілігіне және дербестігіне қойылатын талаптар едәуір артады [148].

Қоғамның адамгершілік және өнегелік идеалдары тұлғаның даму деңгейін үйлесімді толықтыратыны жан-жақты талданды.

Студенттің оқыту үдерісінің қатарына тәрбиелік, дүниетанымдық, мәдениеттанымдық, аксиологиялық, әдіснамалық, танымдық іс-әрекеттер енеді. Педагогикалық-психологиялық мәні бар бұл іс-әрекеттер студентті әлеуметтендірудің, оның әлеуетін дамытатын, байытатын мақсатты

бағытталған үрдістерді құрайтыны байқалды.

Студенттердің әлеуетінің жалпы мазмұны атқарып отырған міндетіне тән кәсіби іс-әрекетімен тығыз байланысты, сондықтан түрлі іс-әрекетке жіктелсе де, жалпы қызметтік сипат ерекшелігін, яғни өнегелі қоғамдағы оқу-тәрбие ісінің интеллектімен туындайтынын ескеру қажет.

Өзіндік жұмыстың барлық мүмкіндіктерін оқыту табысты түрде жүзеге асырудың қажетті жағдайы танымдық қызмет түрі секілді қазіргі заманғы құралдарға жататын оқыту бағдарламалары, электронды оқулықтар, анықтамалар, энциклопедиялар мен тағы басқалар жататын тиімді ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады.

Компьютерлік оқыту жүйесінде студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру мүмкіндігі кеңейе түседі.

Жоғары оқу орнының қазіргі заманғы жүйесіндегі аса тиімдісі студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру кезінде *жеке-бағытталған оқыту* қағидаларына жүгіну болып табылады. Оқыту үдерісін осылай ұйымдастырған кезде оқытушы студенттің өзіндік жұмысына осы жұмыстың ойдағыдай өтуіне жағдай жасау арқылы жанама түрде қатысады.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың әртүрлі аспектілерін қарастыра отырып, оқытушы мен студенттердің осы процестегі өзара қарым-қатынасы мәселелеріне тоқтала кетпеуге болмайды. Оқыту үдерісінің субъектілері арасындағы өзара түсінушілік оқыту тиімділігін арттыра түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Сматова Б.К. Жоғары оқу орындарында өзіндік жұмыстар арқылы студенттердің оқу біліктерін қалыптастыру: 13.00.01: пед. ғыл. канд ... автореф. – Алматы, 2010. – 21 б.

2. Нұрмұханбетова Г.К. Информатика пәнін оқыту барысында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесін жетілдіру: 13.00.02: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2002. – 24 б.

3. Рядина Н.К. Новая форма самостоятельной работы по курсу психология для студентов непсихологических факультетов // Психология в

ВУЗє. – 2006. – №1. – С. 58-67.